

**"Б" корпусындағы облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы"**  
**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 140 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 30 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабының 2-тармағына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Б" корпусындағы облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 3210-нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 140 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы

Б.Жылқышиевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б.Атамқұлов*